

## Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған әдеби кеш

24.11.2022 жылы Ветеринария факультетінің «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының оқытушылары және топ студенттерімен бірлесе отырып «Әр өлеңі – бір әлем» атты тақырыпта № 11 оқу корпусының 209 аудиториясында М.Мақатаевтың шығармашылығына арналған әдеби кеш іс-шарасы өткізілді.

### **Іс-шараның мақсаты:**

Ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау.

М. Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу.

Кештің көрнекілігі: М. Мақатаевтың суреті, ақынның шығармасы мен өміріне арналған көрме. Видео сюжеттер. Сазды музыка.

Әдеби кештің сәнін келтіріп "Ару ана" қойылымы сахналанды. Талантты студенттер Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығының сәттерін сахналап, лирикалық шығармаларын орындады.

Сонымен қатар Мұқағали Мақатаевтың «Поэзия, менімен егіз бе едің?», «Сезім» поэмасын, «Таңданба, жаным, таңданба», «Сен бе едің», Жүсіпов «Ғашықпын!»

1 курс студенттері "Әнге арнадым әнімді", «Есіңе мені алғайсың», «Мен деп ойла» сынды әндері көрерменнің жүрек түкпірінен орын алды.



